

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі N 19 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 11.04.2014 № 188-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - XI" деген цифрлар тиісінше "1 - 11" деген цифрлармен ауыстырылды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша:

"Меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, ұйымдар", "Меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ұйымдар" деген сөздер тиісінше "Ұйымдар" деген сөзбен ауыстырылды; ", меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан,", " меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан", "меншік нысанына қарамастан" деген сөздер алып тасталды;

"Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы", "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі атқарушы органының", "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органына" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "Уәкілетті органның", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылды;

"өкілеттігі" деген сөз "құзыреті" деген сөздермен ауыстырылды;

"бақылау мен қадағалауды", "бақылау мен қадағалау", "бақылау мен қадағалаудың", "Бақылау мен қадағалаудың" деген сөздер "бақылауды", " бақылау", "бақылаудың", "Бақылаудың" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді төтенше жағдайлар мен олар туғызған зардаптардан қорғау мемлекеттік саясатты жүргізудің басым салаларының бірі болып табылады.

Осы Заң Қазақстан Республикасы аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді.

1 тарау

Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

авария - технологиялық процестің бұзылуы, механизмдердің, жабдықтар мен ғимараттардың зақымдануы;

апат - аймақтық және ірі ауқымды төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соққан жойқын құбылыс;

дүлей зілзала - төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соққан зілзала; зілзала - төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соққан жойқын құбылыс;

өнеркәсіп объектісінің қауіпсіздігі декларациясы - өнеркәсіп объектісіндегі ықтимал төтенше жағдайлардың сипаты мен ауқымы туралы ақпарат беретін және объектіні пайдалануға беру, оның жұмыс істеуі мен пайдаланудан шығарылуы кезеңдерінде олардың алдын алу және жою жөнінде меншік иесі қабылдаған шаралар туралы хабарлайтын құжат;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар - дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны және басқалар), табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары, ауылшаруашылық өсімдіктерінің және ормандардың кеселдері мен зиянкестері арқылы зақымдануын туғызған төтенше жағдайлар;

техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар - өнеркәсіп, көлік авариялары және басқа да авариялар, өрт (жарылыс), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық жағынан қауіпті заттарды тарататын (тарату қаупі бар) авария, үйлер мен ғимараттардың кенеттен қирауы, бөгендердің бұзылуы, тіршілікті қамтамасыз ететін электр-энергетика және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авария туғызған төтенше жағдайлар;

төтенше жағдай - адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығындарға ұшыратып, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы мүмкін авария, зілзала немесе апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай;

төтенше жағдай аймағы - төтенше жағдай туындаған белгілі бір аумақ. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар таралу ауқымына және келтірген нұқсанның көлеміне қарай объектілік, жергілікті, өңірлік және

жаһандық болып бөлінеді;

төтенше жағдайларды жою - төтенше жағдайлар пайда болған кезде жүргізілетін және адамдардың өмірін сақтап, денсаулығын қорғауға, залал мен материалдық шығындар көлемін азайтуға, сондай-ақ төтенше жағдайлар аймағының одан әрі таралмауына бағытталған құтқару, авариялық-қалпына келтіру жұмыстары мен басқа да кезек күттірмейтін жұмыстар;

төтенше жағдайлардың алдын алу - алдын ала жүргізілетін және төтенше жағдайлардың пайда болу қатерін мүмкін болғанынша азайтуға, адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтауға, залал мен материалдық шығын мөлшерін кемітуге бағытталған шаралар кешені.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.29 N 209, өзгерту енгізілді - 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы заңдары

Қазақстан Республикасының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен түзіледі.

Бұл Заң әлеуметтік және экологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі құқықтық қатынастарды реттемейді.

3-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғаудың негізгі принциптері

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғаудың негізгі принциптері мыналар:

- жариялылық және халық пен ұйымдарды болжанып отырған және пайда болған төтенше жағдайлар, олардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шаралар туралы хабардар ету;

- егер ұйымдар мен азаматтардың қызметі ықтимал қауіп туғызатын болса, оның қатер төндіру және зиян келтіру деңгейін алдын ала анықтау, халықты қорғаныс әдістеріне үйрету және төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын жүзеге асыру;

- төтенше жағдайларды жою жөніндегі құтқару, авариялық-қалпына келтіру және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу міндеттілігі, шұғыл медициналық жәрдем көрсету, халықты және зардап шеккен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, төтенше жағдайлар салдарынан азаматтардың денсаулығы

мен мүлкіне, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге келген зиянды өтеу болып табылады.

4-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шараларға азаматтық қорғаныс күштерінің қатысуы

Азаматтық қорғаныс күштері (әскери бөлімдер, аумақтық және ведомстволық әскерилендірілмеген құрылымдар, мамандандырылған авариялық-құтқару қызметтері) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюға заңдарға сәйкес тәртіппен қатысады.

5-бап. Ұйымдардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы міндеттері

Ұйымдар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында:

- өз жұмысының орнықтылығын арттыру және қызметкерлер мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жоспарлап, өткізуге;
- төтенше жағдайлардың пайда болу қаупі туралы немесе пайда болуы туралы белгіленген тәртіппен ақпарат беріп отыруға, қызметкерлер мен халықты бұл жөнінде хабардар етуге;
- қызметкерлерге төтенше жағдайлар кезінде әскерилендірілмеген құрылымдар құрамында қорғану және әрекет ету әдістерін үйретуге, төтенше жағдайлар туралы хабардар ететін жергілікті жүйе құрып, оны үнемі әзірлікте ұстауға;
- қарауындағы өндірістік және әлеуметтік мақсаттағы объектілерде, соларға іргелес аумақтарда бекітілген жоспарларға сәйкес қорғану шараларын құтқару, авариялық-қалпына келтіру және төтенше жағдайларды жою жөніндегі басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге;
- заңдарда көзделген реттерде, төтенше жағдайлардың салдарынан қызметкерлер мен басқа да азаматтарға келтірілген залалдың өтелуін қамтамасыз етуге, төтенше жағдайлар жойылғаннан кейін қоршаған ортаны сауықтыру, ұйымдар мен азаматтардың шаруашылық қызметін қалпына келтіру шараларын жүзеге асыруға міндетті.

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша қызметінде төтенше жағдайлардың пайда болу қатері басым ұйымдар қаржы және материалдық ресурс резервтерін жасап, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі күштер мен құралдар құрылуын, дайындалуы мен әзірлікте ұсталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ұйымдар уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өнеркәсіп объектілерінің қауіпсіздігі декларациясын табыс етеді.

Өнеркәсіп объектісінің қауіпсіздігі декларациясында келтірілген мәліметтер

тізбесі мен оларды ресімдеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Ұйымдардың басшылары төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шаралардың, арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың міндетті күші бар нұсқамаларының орындалуына дербес жауап береді.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1999.03.12 N 347, 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

6-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюға қоғамдық бірлестіктердің қатысуы

Қоғамдық бірлестіктер табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, олардан халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғау жөніндегі шараларға Қазақстан Республикасының заңдарына және өздерінің жарғыларына сәйкес қ а т ы с а а л а д ы .

Төтенше жағдайларды жоюға қоғамдық бірлестіктерден қатысушылардың мемлекеттік аттестация қуаттаған арнайы даярлығы болуға тиіс.

2 тарау

Халықтың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы құқықтары мен міндеттері

7-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы құқықтары

Қазақстан Республикасы азаматтарының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында:

- Қазақстан Республикасы аумағындағы белгілі бір жерлерде болғанда өздері душар болуы мүмкін қатер туралы және қажетті қауіпсіздік шаралары туралы х а б а р д а р б о л у ғ а ;

- азаматтарды, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізуші объектілерді төтенше жағдайлардан және олар тигізетін зардаптардан қорғау мәселелері жөнінде мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей жүгінуге, жеке және ұжымдық үндеулер жолдауға;

- төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шараларға қатысуға, ұжымдық және жеке қорғану құралдарын, азаматтарды қорғауға арналған басқа да мүлікті пайдалануға;

- төтенше жағдайлар пайда болған ретте өмірін, денсаулығын және жеке м ү л к і н қ о р ғ а у ғ а ;

- төтенше жағдайларды жою барысындағы міндеттерді орындау үшін оларды

тарту кезінде өздерінің денсаулығына келтірілген залал үшін өтемақылар мен жеңілдіктер алуға;

- зақым алуына немесе ауруға шалдығуына байланысты еңбек ету қабілетінен айрылған, зақымданудан немесе аурудан қаза тапқан немесе қайтыс болған асыраушысынан айрылған жағдайда, егер олар төтенше жағдайларды жою жөніндегі міндеттерін атқару салдарынан болса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік қамсыздандырылуға;

- төтенше жағдайлар салдарынан өздерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтетуге құқығы бар.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.07 N 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

8-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы міндеттері

Қазақстан Республикасының азаматтары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында:

- Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар және азаматтарды, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізуші объектілерді олардан қорғау саласындағы заңдарын сақтауға;

- төтенше жағдайлардың пайда болуына әкеп соқтыруы мүмкін авария, зілзала және апат жайында тиісті органдарды хабардар етуге;

- тұрмыста, күнделікті еңбек және шаруашылық қызметінде қауіпсіздік шараларын сақтауға, төтенше жағдайлардың пайда болуына әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік және технологиялық тәртіптің, қауіпсіздік талаптарының бұзылуына жол бермеуге;

- азаматтық қорғаныс дабылдарын, төтенше жағдайлардың пайда болу қаупі төнген немесе олар пайда болған кезде жүріп-тұрудың белгіленген ережелері мен іс-қимыл тәртібін білуге, негізгі қорғану әдістерін, зардап шеккендерге алғашқы медициналық жәрдем көрсету тәсілдерін, ұжымдық және жеке қорғану құралдарын пайдалану ережелерін үйренуге, өздерінің осы білімі мен практикалық дағдыларын ұдайы жетілдіріп отыруға;

- төтенше жағдайларды жою жөнінде өткізілетін оқу-жаттығуларға қатысуға, халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғау құралдарына ұқыпты қарауға міндетті.

9-бап. Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы құқықтары мен міндеттері

Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында, егер Конституцияда, заңдарда және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтарды пайдаланып, міндеттерді атқарады.

3 тарау

Мемлекеттік органдардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы құзыреті

10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар саласында:

- біртұтас мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асырудың стратегиялық және тактикалық шараларын әзірлейді;

- орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

- халықты, табиғи ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді төтенше жағдайлардан қорғаудың жай-күйі туралы мемлекеттік баяндамаларды қарайды және бекітеді;

- уәкілетті орган туралы ережені бекітеді;

- техникалық регламенттерді бекітеді;

- төтенше жағдайлар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссиялар құрып, олар туралы ережелерді бекітеді;

- төтенше жағдайлардың сыныпталуын белгілейді;

- жағдайды қадағалау, бақылау және төтенше жағдайларды болжау қызметін, шұғыл медициналық жәрдемді, авариялық-құтқару қызметін, төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесін ұйымдастырады;

- төтенше жағдайлар саласында хабардар ету, білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету тәртібін белгілейді;

- төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі мемлекеттік сараптама мен мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады, олардың қызметінің және төтенше жағдайлар саласында мемлекеттік есеп жүргізудің тәртібін белгілейді;

- төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шараларды қаржыландыру, мемлекеттік резервтерді, материалдық-техникалық, азық-түлік,

медициналық және басқа ресурстар қорларын жасау тәртібін белгілейді және бұл қорларды төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюға бөледі;

- төтенше жағдайларды жою үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөледі;

- табиғи және техногендік сипаттағы жаһандық төтенше жағдайлардың зардаптарын жою туралы шешім қабылдайды;

- төтенше жағдайлардың салдарынан зардап шеккен азаматтар мен қызметкерлерді әлеуметтік қамсыздандырудың жүйесі мен ережелерін, азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге келтірілген залалдың өтелу тәртібін белгілейді;

- Қазақстан Республикасы аумағындағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырып, шетелдік ұйымдар мен азаматтардың қызмет тәртібін белгілейді;

- авариялық-құтқару қызметтерін (соның ішінде аэроұтқыр жасақтарды) қ ұ р а д ы ;

- өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2000.05.19 N 51, 2004.06.15 N 563, 2004.12.20 N 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді), 2006.12.29 N 209, 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Уәкілетті органның құзыреті

У ә к і л е т т і о р г а н :

- орталық және жергілікті атқарушы органдар мен ғылыми ұйымдардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы жұмысын ү й л е с т і р е д і ;

- техникалық регламенттерді қоспағанда, нормативтік құқықтық актілерді бекітеді немесе келіседі, төтенше жағдайлар саласында мемлекеттік есеп жүргізеді, халықты, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізуші объектілерді төтенше жағдайлардан қорғаудың жай-күйі туралы мемлекеттік баяндамалар дайындайды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді;

- азаматтық қорғаныс күштерінің төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шараларға қатысуына, өз қарамағындағы жағдайды қадағалайтын, бақылайтын және болжайтын қызметтерге, төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесіне б а с ш ы л ы қ е т е д і ;

- мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына басшылық етеді, өрттердің

- алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды үйлестіреді;
- төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік сараптамаға басшылық етеді және қажет болған жағдайда халықаралық сараптама ұйымдарын тарта отырып тәуелсіз сараптама ұйымдастырады;
- төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөнінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- төтенше жағдайларды жою кезінде құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерді аттестаттауды өткізеді;
- мемлекеттік органдарға, ұйымдар мен азаматтарға табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөнінде міндетті күші бар нұсқамалар береді;
- төтенше жағдайлардың пайда болуына әкеп соққан аварияны, зілзала мен апатты тексеру ісін ұйымдастырады, материалдарды белгіленген тәртіппен лауазымды адамдарды, азаматтар мен ұйымдарды жауапқа тартуға береді;
- халықты және ұйымдарды қажетті қауіпсіздік, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шаралар туралы хабардар етеді;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша аймақтық және барынша ауқымды төтенше жағдайларды жоюға тікелей басшылық етуді жүзеге асырады;
- төтенше жағдайларды жою кезінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдырады;
- халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, шетелдік ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасы аумағындағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі қызметін қамтамасыз етеді, ізгілік шараларын өткізуді ұйымдастырады;
- авариялық-құтқару қызметтерінің (оның ішінде аэроұтқыр жасақтардың) іс-қимылын қамтамасыз етеді;
- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында зардап шеккендерге, оның ішінде авариялық-құтқару қызметтерінің қызметкерлеріне шұғыл медициналық көмек көрсетеді;
- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында техникалық регламенттерді әзірлейді;
- Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы » Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің , тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;
- осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.09 N 307, 1999.03.12 N 347, 2000.05.19 N 51, 2004.12.20 N 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді), 2006.12.29 N 209, 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.04 N 97-IV (01.01.2010 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Орталық мемлекеттік органдардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы құзыреті

Орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

- төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шараларды ұйымдастырады;

- төтенше жағдайлар саласындағы нормативтерді, стандарттар мен ережелерді бекітеді немесе келіседі, мемлекеттік есеп жүргізеді және оның деректерін уәкілетті органға табыс етеді;

- техникалық регламенттер әзірлейді және оларды әзірлеуге қатысады;

- төтенше жағдайлар жөніндегі салалық комиссиялар құрады және олардың жұмысын қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

- өз қарамағындағы жағдайды қадағалайтын, бақылайтын және төтенше жағдайларды болжайтын қызметтерге басшылық етеді;

- салалық мемлекеттік сараптама жүргізеді, төтенше жағдайлар саласындағы ғылыми зерттеулер, білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету ісін ұйымдастырады;

- салалық мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады, өз міндеттеріне сәйкес жергілікті атқарушы органдарға, ұйымдар мен азаматтарға нұсқамалар береді, төтенше жағдайлардың пайда болуына әкеп соққан аварияны, зілзала мен апатты тексеруге қатысады, лауазымды адамдарды, азаматтар мен ұйымдарды белгіленген тәртіппен жауапқа тартады;

- төтенше жағдайлар саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысады;

- осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің

актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.12.29 N 209, 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы құзыреті

Жергілікті өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақтағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою үшін жауапты болады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті өкілді органдары тиісті (ведомстволық бағынысты) аумақтағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында:

- жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар басшыларының төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шаралар туралы есептерін тыңдады;

- төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға қатысты бөлігінде көзделмеген шығыстарды қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органның жергілікті бюджет құрамындағы резервінің көлемі туралы, сондай-ақ материалдық-техникалық, азық-түлік медициналық және басқа ресурстардың жергілікті қорларын құру туралы шешімдер қабылдайды;

- төтенше жағдайлар пайда болған кезде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, олардың алдын алу мен оларды жою жөнінде міндетті ережелер қабылдауға құқылы, оларды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделеді. Міндетті ережелер Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмеуге тиіс және дереу күшіне енеді;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында:

- құзыреті шегінде уәкілетті органның аумақтық органдарымен бірлесіп, жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі, оның ішінде мүлікті реквизициялау жөніндегі іс-шараларды «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес орындауды ұйымдастырады;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияларды құрады және олардың құрамын айқындайды. Жергілікті атқарушы органдардың басшылары төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиялардың төрағалары болып, ал уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары комиссия төрағаларының орынбасарлары болып табылады;

- бюджет қаражаты болған кезде уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес уәкілетті органның аумақтық органдарын, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерін материалдық-техникалық жарақтандыруда, сондай-ақ үйлер мен ғимараттар салуда, оларды реконструкциялауда және жөндеуде уәкілетті органға жәрдемдесуге құқылы;

- төтенше жағдайлардың пайда болуына әкеп соққан аварияны, зілзала мен апатты тергеуге қатысады;

- бекітілген бюджет нысаналарына сәйкес төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

- материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа ресурстардың жергілікті қорларын құрады және пайдаланады;

- төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккен халықтың және қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын, азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге келтірілген зиянның өтелуін, медициналық қызмет көрсетуді, төтенше жағдайлар аймақтарында тұрғаны және жұмыс істегені үшін өтемақылар мен жеңілдіктер алуды өз құзыреті шегінде қамтамасыз етеді;

- төтенше жағдайлар жойылғаннан кейін қоршаған ортаны сауықтыру, ұйымдар мен азаматтардың шаруашылық қызметін қалпына келтіру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

- жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы аумағында жергілікті өзін-өзі басқару орындарының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою ісіне қатысуына жол беріледі, бұл халықтың жергілікті мәні бар мәселелерді дербес шешуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2000.05.19 N 51, 2004.06.15 N 563, 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2006.01.10 N 116 (2006.01.01 бастап күшіне енеді), 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.02.09 N 126-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.04 N 97-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі),

2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4 тарау

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу

14-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шаралар

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шараларға мыналар жатады:

- ғылыми зерттеулер, жағдайды қадағалау, бақылау, төтенше жағдайлардың пайда болуына әкеп соғуы мүмкін аварияны, зілзала мен апатты болжау және олардың қауіп туралы хабарлау;

- төтенше жағдайлар саласындағы білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету, қорғану шаралары;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы техникалық регламенттерге талдау жасау.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.12.29 N 209 Заңымен.

15-бап. Ғылыми зерттеулер, жағдайды қадағалау, бақылау мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды болжау

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы ғылыми зерттеулердің негізгі міндеттеріне мониторинг әдістерін әзірлеу мен төтенше жағдайлардың деректер банкіні жасау, төтенше жағдайларды болжау, алдын алу әдістерін, бақылау шаралары мен қорғану құралдарын, оларды болжау, зардаптарына баға беру, олардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі нысаналы және ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеу кіреді.

Жағдайды қадағалау, бақылау мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды болжау қызметі (сейсмологиялық қызмет, сел жүретінін хабарлау, радиациялық қауіпсіздікті бақылау жүйелері және басқалар) арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың жанынан құрылады және төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесіне енгізіледі.

16-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы жариялылық пен ақпарат

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы ақпарат ұйымдар қызметінің қаншалықты қатерлі және зиянды екені, қажетті қауіпсіздік, зардаптар, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шаралар

туралы мәліметтерден құралады. Ол ашық және жария болып табылады, бұқаралық ақпарат құралдары, байланыс және хабар беру жүйелері арқылы жариялануға тиіс.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында ақпаратты лауазымды адамдардың жасырып қалуына, мезгілінде бермеуіне немесе көрінеу жалған ақпарат беруіне жол берілмейді.

Мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесі құрылады.

17-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы білімді насихаттау ісін арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады. Білімді насихаттау үшін бұқаралық ақпарат құралдары пайдаланылуы мүмкін.

Халықты оқытып-үйрету мектеп жасына дейінгі мекемелер мен жалпы орта білім беретін мекемелерде, жұмыс орындары мен тұрғылықты жерлердегі ұйымдарда, ал мамандарды оқытып-үйрету орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру, біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау ұйымдарында, төтенше жағдайдағы іс-қимылға дайындау және азаматтық қорғаныс орталықтарында, жұмыс орнындағы ұйымдарда жүргізіледі.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

18-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы қорғану шаралары

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар пайда болған кезде қатер төнуін, шығындар мен залалды мүмкін болғанынша барынша азайту үшін мынадай қорғану шаралары жүзеге асырылуға тиіс:

- сейсмикалық жағынан берік құрылыстар салу және үйлер мен ғимараттардың сейсмикалық беріктігін күшейту;
- гидротехникалық және инженерлік-геологиялық қорғану шаралары;
- көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көлікте төтенше жағдайларды болғызбау үшін коммуникациялар жүйелерін жетілдіру;
- қауіпті өндірістік объектілердегі қорғану шаралары;
- өрттерге (жарылыстарға), індеттер мен малдың жұқпалы ауруларына, ауылшаруашылық өсімдіктері мен ормандардың кеселдермен және зиянкестермен зақымдануына жол бермеу шаралары;
- арнайы уәкілдік берілген органдардың міндетті күші бар нұсқамаларында

к о з д е г е н б а с қ а д а ш а р а л а р .

Ұйымдар мен азаматтардың төтенше жағдайлардың пайда болу қатеріне байланысты қызметі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері туралы заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес сақтандырылуға тиіс.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.07 N 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

5 тарау

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою

19-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жариялау

Ескерту. 19-бап алынып тасталды - ҚР 2004.06.15 N 563 Заңымен.

20-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөнінде бірінші кезекте жасалатын іс-қимыл

Бұрын бекітілген жоспарларға сәйкес төтенше жағдай аймағында орналасқан авариялық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарын тарта отырып, уәкілетті органның аумақтық органдарымен бірлесіп жергілікті атқарушы органдар және ұйымдардың басшылары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдарды ұйымдастырады.

Бірінші кезекте жасалатын іс-қимыл кезінде халықты төтенше жағдай аймағынан уақытша көшіру, ұйымдардың қажетті материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдыру ісі жүргізілуі мүмкін, авария, зілзала немесе апат болған объектінің жұмысы тоқтатылады немесе тоқтатыла тұрады, ұйымдарда жұмыс режимі өзгертіледі, адамдардың жүріп-тұруы мен жүктердің тасымалдануына шектеу (карантин) енгізіледі, мүмкін болатын құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстары жүзеге асырылады, қоғамдық тәртіп пен объектілерді қорғау қамтамасыз етіледі.

Төтенше жағдайлар аймағының шекараларын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тағайындалған төтенше жағдайларды жою басшылары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген төтенше жағдайларды сыныптау негізінде айқындайды.

Жеке және заңды тұлғалардың мүлкін реквизициялау жөніндегі іс-шаралар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимыл туралы жоспарда көзделеді.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.06.15 N 563, 2011.03.01 N 414-IV

(алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезіндегі шұғыл медициналық жәрдем көрсету

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде шұғыл медициналық жәрдем қызметі дереу іске қосылады, ал ол жеткіліксіз болған жағдайда орталық мемлекеттік органдардың және ұйымдардың медициналық күштері мен құралдары тартылады. қараңыз.P100608

Ескерту. 21-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

22-бап. Авариялық-құтқару қызметтері

Авариялық-құтқару қызметтері техникамен, арнаулы жабдықтармен, құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарына қажетті құрал-саймандармен және аспаптармен жарақтандырылады.

Еңбек ету қаупі жоғары болуына байланысты құтқарушыларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ерекше мәртебе беріледі.

23-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймақтарында төтенше жағдай режимін енгізу

Жағдайды тез арада тұрақтандыру, заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету, қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге жағдай жасау мақсатында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймақтарында төтенше жағдай режимі енгізілуі мүмкін.

Төтенше жағдай режимі енгізілген кезде басқарудың ерекше түрлерінің белгіленуі, азаматтардың жекелеген құқықтары мен бостандықтарының шектелуі, Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген басқа да шаралардың қолданылуы мүмкін.

24-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды тоқтату және қоршаған ортаны сауықтыру, ұйымдар мен азаматтардың шаруашылық қызметін қалпына келтіру жөніндегі шараларды жүргізу

Ескерту. 24-бап алынып тасталды - ҚР 2004.06.15 N 563 Заңымен.

24-1-бап. Материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа ресурстар қорларын

**жасау, табиғи және техногендік сипаттағы
төтенше жағдайлар кезінде көлік құралдарымен
қамтамасыз ету**

Халықтың, қоршаған ортаның және шаруашылық жүргізу объектілерінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан кепілді қорғалуын қамтамасыз ету үшін алдын ала материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа ресурстардың мемлекеттік резерві жасалады.

Төтенше жағдайларды жою үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстары және көлік құралдары жұмылдырылады, ал шұғыл медициналық жәрдемнің және авариялық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдары төтенше жағдайлар аймақтарына алдын ала бекітілген жоспарларға сәйкес бірінші кезекте жеткізіліп, кері қайтарылады.

Ескерту. 5-тарау 24-1-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

**24-2-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше
жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау**

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстардың халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізу объектілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан кепілді түрде қорғауды қамтамасыз ету үшін құрылған мемлекеттік резерв болмаған немесе жеткіліксіз болған кездегі ерекше жағдайларда «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тарау 24-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6 тарау

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы сараптама мен мемлекеттік есеп

**25-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше
жағдайлар саласындағы сараптаманың
міндеттері мен объектілері**

Сараптаманың міндеттері табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі нормативтерді, стандарттар мен ережелерді, шаралардың толық және тиімді жүргізілуін зерттеу болып табылады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы

сараптамаға мыналар жатады:

- нормативтік, техникалық, құжаттама және жобалау құжаттамасы;
- егер ұйымдар мен азаматтардың қызметі ықтимал қауіп төндірсе, оның қатерлілік және зияндылық деңгейін анықтау;
- жағдайды қадағалау, бақылау және төтенше жағдайларға болжам жасау шараларын орындау;
- білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету;
- қорғану шараларын және төтенше жағдайларды жою жұмыстарын жүзеге асыру.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.12.29 N 209 Заңымен.

26-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында сараптама және мемлекеттік есеп жүргізу

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында мемлекеттік сараптаманы арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар, ал қоғамдық сараптаманы өздерінің жарғыларына сәйкес қоғамдық бірлестіктер жүргізеді.

Үйлерді, ғимараттар мен олардың кешендерін, коммуникацияларды салуға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, реконструкциялауға, қалпына келтіруге, күрделі жөндеуге) арналған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу бөлігінде мемлекеттік сараптама Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Ұйымдар төтенше жағдайлардың пайда болуына әкеп соққан авария, зілзала мен апат туралы есеп береді, ал арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың мемлекеттік есебін жүзеге асырады.

Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.07.02 N 454, 2006.12.29 N 209 Заңдарымен.

7 тарау

Ескерту. 7-тарау алынып тасталды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

8 тарау

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы бақылау

30-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы бақылаудың міндеттері

Бақылаудың міндеті - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі жоспарлар мен шаралардың толық және тиімді орындалуын, белгіленген нормативтер, стандарттар мен ережелер талаптарының сақталуын, лауазымды адамдардың, күштер мен құралдардың дайындығын, олардың іс-қимылын тексеру.

Ескерту. 30-бапта мемлекеттік тілдегі мәтін өзгертусіз қалдырылды - ҚР 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

31-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 31-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы ведомстволық, өндірістік және қоғамдық бақылау

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында ведомстволық бақылауды орталық мемлекеттік органдар, өндірістік бақылауды ұйымдар, қоғамдық бақылауды қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

9 тарау

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы заңдарды бұзғандық үшін жауапкершілік

33-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың пайда болуына әкеп соққан аварияны, зілзала мен апатты тексеру

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың пайда болуына әкеп соққан авария, зілзала мен апат Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тексерілуге тиіс.

Лауазымды адамдар мен азаматтардың құқыққа қарсы әрекеттері немесе әрекетсіздігі анықталған жағдайда тексеру материалдары кінәлілерді жауапқа тарту үшін тиісті органдарға берілуге тиіс.

34-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы заң және өзге де нормативтік актілерін бұзғандық үшін жауапкершілік түрлері

Белгіленген нормативтердің, техникалық регламенттер мен ережелердің орындалмауына немесе немқұрайды орындалуына, аварияның, зілзала мен апаттың пайда болуына жағдайлар мен алғышарттар жасалуына, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғау жөнінде шаралар қолданылмауына және басқа да құқыққа қарсы әрекеттерге кінәлі лауазымды адамдар мен азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік, мүліктік және қылмыстық жауапқа, ал ұйымдар мүліктік жауапқа тартылады.

Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.12.29 N 209 Заңымен.

35-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан келтірілген залалды өтеу

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан азаматтардың денсаулығына келтірілген залал зардап шегушінің еңбек қабілетінен айрылу дәрежесін, оның емделуіне, денсаулығын қалпына келтіруіне, ауруды бағып-күтуге жұмсалған шығындарды, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тағайындалған бір жолғы мемлекеттік жәрдемақыларды ескере отырып, залал келтірушінің есебінен толық көлемінде өтелуге тиіс.

Ұйымдар мен азаматтар залал келтірушілерден өздерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалға, сондай-ақ ұйымдар мен азаматтардың қызметі туғызған техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан адамның өлуіне байланысты шеккен мүліктік зияндарын және ұйымдардың, авариялық-құтқару жұмыстарына және төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға қатысушы жеке адамдардың шығындарын толық өтеуді талап етуге құқылы.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге келтірілген залал Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес

ө т е л е д і .

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың пайда болуына кінәлі ұйымдар мен азаматтар жерге, суға, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне (аумағына) келтірілген залалды, соның ішінде жерді қайта түлету және жердің табиғи құнарлылығын қалпына келтіру жөніндегі шығындарды өтеуге міндетті.

10 тарау

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы дауларды шешу

36-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы дауларды шешу

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы дауларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен соттар шешеді.

11 тарау

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен халықаралық шарттар

37-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан Республикасы жалпыға бірдей және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, шет мемлекеттерді қауіпсіздік тұрғысынан олар үшін маңызды болуы мүмкін төтенше жағдайлар туралы дер кезінде және толық хабардар ету, халыққа, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге ұлттық шекарадан тыс залал келтірілуіне жол бермеу, мемлекеттердің өзара көмегі мен олардың арасында туындаған дауларды бейбіт жолмен шешу принциптерін басшылыққа ала отырып, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысады.

38-бап. Шетелдік ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасы аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі қызметі

Шетелдік ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасы аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі қызметіне, егер ол Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе немесе Республика бекіткен халықаралық шарттармен реттелетін болса, жол беріледі.

**39-бап. Қазақстан Республикасының табиғи және
техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар
саласындағы халықаралық шарттары**

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК